



ӘОЖ 504.54

ҒТАХР 87.29.31

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.93(1).3

¹Қайсағалиева Г.С., ²Бекболатова А.М.*

^{1,2}М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал,
Қазақстан

*Корреспондент-авторы: *aliya_bm86@mail.ru*

E-mail: *gulzhakhan.kaisagalieva@wku.edu.kz, aliya_bm86@mail.ru*

ОРТА БУЫН СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ТҰРҒЫЛЫҚТЫ – МЕКЕН ЖАҒДАЙЫНДА КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Оқушыларға сапалы білім беріп, денсаулықтарын нығайту негізінде тәрбиелеуде мектеп маңында жүргізілетін көгалдандыру жұмыстарының маңызы зор. Осыған байланысты қазіргі таңда негізгі өзекті мәселе – қоршаған ортаны қорғау болып табылады. Осыған байланысты ағаштар отырғызу, түрлі гүлді-декоративті өсімдіктерді өсіру, жалпы көгалдандыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Мектептегі берілетін теориялық білім практикалық дағдылармен ұштастырылады. Практикалық дағдылар жалпы мектеп маңы үлескісіндегі жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Мектеп маңы үлескісіндегі жұмыстардың негізгі мақсаты – қоршаған ортаны тазарту жолында көгалдандыру жұмысын жандандыру. Негізгі міндеттері – әртүрлі ағаштар мен түрлі гүлді өсімдіктерді отырғызып, Отанын сүйетін, табиғатты аялайтын, қоршаған орта тазалығы жолында барлық күш-жігерін аямай еңбек ететін азаматтарды тәрбиелеу. Өсімдіктерді күтіп – баптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде оқушылар әдемілікті бағалау және түсіне білуге үйренеді. Бұған қоса келешекте кейбір мамандықтар туралы практикалық түсініктері қалыптасады. Осы уақыттан бүгінгі күнге дейін мектеп маңындағы үлескіде жұмыс істеу мектеп мұғалімдерінің негізгі сабақтан тыс жұмыстарының бірі. Мектеп маңындағы үлескілердегі іс-шараларды жоспарлау және ондағы жұмыстарды ұйымдастыру, өсімдіктерді күтіп-баптау, атқарылған жұмыстар бойынша нәтиже шығару мұғалімдердің қосымша атқарып жатқан жұмыстарының негізі болып табылады. Топырақ және климат жағдайына бейімделген гүлзарлар мен газондарға арналған өсімдік түрлері, көкөніс дақылдарының негізгі іріктемелері, ағаш және бұта түрлері өсіріледі.

Кілт сөздер: оқу-тәжірибе үлескісі; көгалдандыру; мектеп; ландшафттық дизайн; гүлзар; жоспарлау; эскиз; абаттандыру; гүлдер композициясы; тірі бұрыш.

Kipicne

Мектеп оқу-тәжірибе үлескісін ұйымдастырудың негізгі мақсаты - оқушылардың биология пәнінен практикалық сабақтарын өткізу, тәжірибе және бақылау дағдыларын қалыптастыру, білімін арттыру, зерттеу жұмыстарына



үйрету. Мектеп жанындағы оқу- тәжірибе үлескілерінің, әсіресе, биология пәнінің практикалық бөлімін оқытуда маңызы зор.

Әрбір ауылдардағы мектептердің және кейбір қала мектептерінің қасынан 0,5–2 га көлеміндегі жер осы уақытқа дейін жергілікті әкімшіліктің шешімі бойынша беріліп келген. Үлескіде арнайы жүйе бойынша бөлінген жеміс-жидек, әдемілік үшін өсірілетін өсімдіктер және жылыжай, коллекциялық, метеорологиялық алаң, оқушылардың тәжірибе-практикалық жұмысына арналған құрал-саймандар, тыңайтқыштарды сақтайтын бөлімдер болады [1].

Мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар тәжірибе үлескісінде табиғаттану, география, химия, биология пәндері бойынша алған білімдерін кеңейтіп, өмір мен білімді ұштастыру жолдарын үйренеді. Мектеп тәжірибе үлескісінде биологияның арнайы бөлімдері бойынша факультативтік, практикалық сабақтар, гүл өсірушілер үйірмесі мүшелерімен тәжірибе жұмыстары және оқушылармен қоғамдық пайдалы жұмыстар ұйымдастырылады. Тәжірибе үлескісі биология, география, табиғаттану пәндері бойынша коллекция, көрнекі құрал жинайтын негізгі база болып табылады. Оқушылардың тәжірибе жұмыстарының қорытындылары аудандық, облыстық, өлкелік көрмелерге қойылады [2].

Мектептегі оқу-тәжірибе үлескілерінде «Биология» пәні жоспарына сай өсімдіктерді өсіреді, өсімдіктердің дамуы, мәдени агрономиялық ерекшеліктері олармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады. Тірі заттармен жұмыстану оқушылардың ізденіс жұмыстарында табиғатқа, қоршаған ортаға, еңбекке тәрбиелейді. Ұзақ уақыт бақылау істі аяғына жеткізуге үйретеді, уақытымен бақылау жүргізеді.

Орта буын сынып оқушылары биологиядан топ серуен және сабақтар өткізеді. Сыныптан тыс: табиғат сүюшілер, табиғат қорғаушылар және тәжірибе жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың тәжірибе жұмыстарының қорытындылары күз, көктем, жаз бойы лабораториялық сабаққа, үйірме жұмыстарына аудандық, облыстық, өлкелік көрмелерге қойылады [3].

Сыныптан тыс «Бақ күні», «Кұстар күні», «Егін мерекесі», көрмелер, төменгі сынып оқушыларына және ата-аналарға экскурсиялар т.б. шаралар өткізіледі.

Оқу – тәжірибе үлескісін осындай көпжақты пайдалану өсімдіктерді егу мен орналастыруда дұрыс таңдау жүргізуді қажет етеді. Осыған байланысты мектеп оқу- тәжірибе үлескісінің құрылымында арнайы секторлар және деланка, жылыжай мен тәлімбақ болуы керек [4].

Мектеп оқу-тәжірибе үлескісіндегі жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу, биологиялық білім мен дағдысын практикада қолдануға, агротехникалық ерекшеліктерді біле тұрып, мәдени өсімдіктерді өсіру дағдыларына үйретуге, өсімдіктер мен жануарларға эксперимент жасаудың білім мен дағдыларын қалыптастыруға, биологиялық құбылыстарды бақылау, фенофазаны сипаттау және бақылауға, тәжірибе мен бақылауға алынған объектілерді салыстыру, қорытындыны есептей білу, алынған мәліметтерді табиғат жағдайы және эксперимент жағдайының өзгерісіне қарай салыстыра білуге, табиғат жағдайы мен өсімдіктердің жағдайына қарай приборларды қолдана білуге үйретеді.



Оқу – тәжірибе үлескісі – оқушылардың биология, география, жаратылыстану, экология, технология сабақтарында алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыратын табиғи зертханасы. Сонымен қатар, оқу-тәжірибе үлескісі – биология кабинеті үшін таратпа және топтама материалдарды даярлайтын және тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізетін негізгі қайнар көзі болып табылады [5].

Оқу-тәжірибе үлескісі оқушылардың тәжірибелік жұмыстар қоры болып есептеледі. Оқушылар биология және технология сабақтарында алған білімдерін бекітіп кеңейтеді және тереңдетеді. Өсімдік әлемінің қыр-сырын, соның ішінде өсіру мен егі технологияларын меңгеріп қана қоймай, өсімдіктің дамуы мен өсуін басқару тәсілдерін игереді. Оқушыда қалыптасқан білік пен дағды экологиялық және экономикалық білімдерінің қалыптасуына жетелейді. Бұл білім өмірлік тәжірибеде қолдана алуына, яғни функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына мүмкіндік берері сөзсіз [6].

Мектеп жанындағы үлескінің сонымен қатар еңбекке тәрбиелеуде маңызды зор.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми әдістемелік әдебиеттерден мектеп жанындағы телімнің әртүрлі жобаларын қарастыру. Сонымен қатар, оқушылар арасында әлеуметтік сауалнама және практикалық түрде жобаланған дизайн бойынша гүлзарлар отырғызу.

Зерттеу нәтижелері

Мектеп ауласын абаттандыруда гүлді өсімдіктердің өсу ерекшеліктерін білу қажет. Әр гүлдің шығу тарихын, тіршілік ортасын біле тұрып, ландшафттық әрлендіру жұмыстарында гүлдерден ландшафттық композиция жасалды. Ландшафттық композиция жасау кезінде, гүлдердің биологиялық сипатына (жарық қажеттілігін, жылу сүйгіштігі, ылғалдылығы мен топырақ құрамына) мән берілсе, ал көркем архитектура тұрғысында (сабақ биіктігіне, гүл мен жапырақ пішініне, түсіне, гүлдеу уақыты мен ұзақтылығына) мән беріледі.

Жер әзірлеу құнарлы топырақ қабатын дайындаудан басталады. Бұл қабат біржылдық өсімдіктер үшін 20-25 см, көпжылдық өсімдіктер үшін 30-40 см, ұсақ кілемше тәрізді өсімдіктерге 15 см болғаны дұрыс. Ең бірінші қажетті тереңдікте шұңқыр даярлаймыз, түбіне 10 см құм, құмайтты топырақ төсейміз. Қалған қабатты құнарлы топырақпен толтырамыз, органикалық тыңайтқыш – шіріген жапырақ араласқан топырақ, қарашірік 5-8 г/м кв. сонымен қатар минералдық тыңайтқыштар (л/м кв): азоттық -30, калийлік -20, фосфорлық -40 см. Топырақ 5 см–дей шөгеді, гүлдер егілетін орын 1,5-2 апта бұрын әзірленеді. Гүлзардың ортасынан шетіне қарай еңістеу 0,01 см, ал гүлзар 5-8 см биіктеу болу керек. Гүл отырғызар алдында 1 тәулік бұрын топырақты жақсылап суландырамыз, отырғызар алдында жақсылап қопсытамыз, қалған арамшөптерден тазалап, өңдейміз. Топырақ әбден дайын болған соң, қағазға түсірілген сызба-нұсқа бойынша жоспарлы түрде өсімдіктерді егеміз (1 сурет).



1 – сурет - Көктем мезгілінде мектеп үлескісін гүлдендіру жұмыстары

Гүлзарларда егілетін гүлдердің басты қасиеттерінің бірі, композициясының құндылығы олардың түстері мен экологиялық талабына сай болып отыр. Гүлзарларда ақ, қызыл, сары түсті гүлдер таңдалып (1 кесте), сонымен қатар ол гүлдерге қолайлы экологиялық факторлар анықталды (2 кесте).

1 – кесте - «Жасыл аула» жобасын жүзеге асыру үшін таңдап алынған гүлдер тізімі

№	Түсі	Ұсынылған гүлдер
1.	Ақ	Қашқаргүл (<i>Aster</i>), Мүйізшөп (<i>Cerastium</i>), Шегіргүл (<i>Viola</i>), Иберис (<i>Iberis</i>), Нәркес (<i>Narcissus</i>)
2.	Қызыл	Қарапайым наурызгүл (<i>Primula</i>), Бегония (<i>Begonia</i>), Альстремерия (<i>Alstroemeria</i>), Қызыл Қазтамақ (<i>Geranium</i>), Целозия (<i>Celosia</i>)
3.	Сары	Адонис (<i>Adonis</i>), Жауылша (<i>Alyssum</i>), Шегіргүл (<i>Viola</i>), Гацания (<i>Gazania</i>), Настурция (<i>Tropaeolum</i>), Қалтагүл (<i>Caltha palustris</i>)



2 – сурет - Жобаға таңдап алынған гүлдер

2 – кесте - «Жасыл аула» жобасын жүзеге асыру үшін жобаланған гүлдердің экологиялық талабы

№	Гүлдің атауы	Суға	Температураға	Жарыққа	Гүлдеу мерзімі	Сәндік қасиеті
1	Ақ шегіргүл (<i>Viola</i>)	Мезофит	Криофил	Гелиофит	Мамыр – шілде	4

2	Қарапайым наурызгүл (<i>Primula</i>)	Гигрофит	Жартылай криофил және термофил	Жартылай гелиофит және сциофит	Мамыр – маусым	5
3	Сары шегіргүл (<i>Viola</i>)	Мезофит	Криофил	Гелиофит	Мамыр – шілде	4

Бақтағы әрбір бөлшектің орналасуы тәжірибе учаскесіндегі барлық алуан түрлілікті қамту керек. Егер тәжірибе учаскесі көлбеу орналасса, бөлшектің бағытын оған көлденең орналастыру керек. Жасыл қорғанға (қоршауға) бөлшектер көлденең қысқа жағымен орналасады.

Агротехникалық тәжірибелердегі өсімдіктердің 1 м² саны былай болу керек: ағаштар 6-10, жидектік бұталар 10-20, көшеттер 20-25 (3 сурет).



3 – сурет - Оқушылардың ағаш отырғызу барысы

Қорытынды

Мектеп ауласын көгалдандыру бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі кезде мектеп ауласына егілген ағаштар мен бұталар оқушыларға қызмет жасауы тиіс. Аулаға отырғызылған бір ағаштың қоршаған ортаға маңыздылығы зор. Сонымен қатар, ағаштардың егу тәртібі мен олардың бір-біріне арақашықтығы да көгалдандыру заңдылығына сәйкес келуі қажет және гүлзардағы гүлдер көркемділікпен қатар эстетикалық тәрбие береді.

Мектеп ауласына төрт мезгіл бойы түсін жоғалтпай оқушылардың көңіл күйін көтеретін, ауаны тазалайтын қылқан жапырақты ағаштар егілуі тиіс және олардың егілу заңдылықтары сақталғаны жөн. Қылқан жапырақты ағаштардың қатарына жататын арша, бозарша, қарағай, шырша, тсуга, тис ағаштарын еккен дұрыс. Биік ағаштар мектеп ғимаратынан 10-12 м қашықтықта егілуі тиіс, жақын жерге егілген ағаш сынып бөлмелеріне күн сәулесінің түсуіне кедергі келтіреді. Ала көлеңкелі сынып оқушылардың көңіл күйіне әсер етеді, көру қабілетін нашарлатады.

Мектеп жанындағы үлескіде өсімдіктерді күтіп баптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде оқушылар бойында қоршаған тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік,



еңбекке деген дағды қалыптасады. Олар әдемілікті бағалап, ұйымдасып еңбек етіп, ортақ іске деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Щукин С.В. Опытническая работа учасщихся на учебно-опытном участке. – М.: Просвещение, 2003. – 207 с.
- [2] Пономарева И.Н. Общая методика обучения биологии. – М.: Изд-во «Академия», 2008. – 280 с.
- [3] Кивотов С.А. Практические занятия на школьном учебно-опытном участке. – М.: Просвещение, 2002. – 143 с.
- [4] Папорков М.А., Клиновская Н.И., Милованова Е.С. Учебно-опытная работа на пришкольном участке. – М.: Просвещение, 1980. – 256 с.
- [5] Устелимова С. Ландшафтный дизайн. – М.: Просвещение, 2003. – 86 с.
- [6] Мельников И. Что можно вырастить? Озеленение участка. Розарий. – М.: Изд-во: ЛитРес, 2012. – 124 с.

REFERENCES

- [1] Shýkin, S.V. (2003). Opytnicheskaya rabota ýchasshıhsá na ýchebno-opytном ýchastke [Experimental work of students at the educational and experimental site]. – М.: Prosveshenie, 207 [in Russian].
- [2] Ponomareva, I.N. (2008). Obshaya metodika obýchenia biologii [Ponomareva I.N. General methodology of teaching biology]. – М.: Izd-vo "Akademiya"– 280 [in Russian].
- [3] Kivotov, S.A. (2002). Prakticheskie zanátia na shkolnom ýchebno-opytном ýchastke [Practical exercises at the school educational and experimental site]. – М.: Prosveshenie, 143 [in Russian].
- [4] Paporkov, M.A., Klinkovskaya, N.I., Milovanova, E.S. (1980). Ýchebno-opytная rabota na prishkolnom ýchastke [Educational and experimental work at the school site]. – М.: Prosveshenie, 256 [in Russian].
- [5] Ýstelimova, S. (2003). Landshaftnyı dizain [Landscape design]. – М.: Prosveshenie, 86 [in Russian].
- [6] Melnikov, I. (2012). Chto mojno vyrastit? Ozelenenie ýchastka. Rozariı [What can be grown? Landscaping of the site. The Rose Garden]. – М.: Izd-vo: Litres, 124 [in Russian].

Кайсағалиева Г.С., Бекболатова А.М.

ТЕХНОЛОГИЯ ЛАНДШАФТНЫХ РАБОТ В ОБЩЕСТВЕ С УЧАЩИМИСЯ СРЕДНИХ КЛАССОВ

Аннотация. Большое значение в воспитании учащихся на основе качественного образования и укрепления их здоровья имеют работы по озеленению, проводимые вблизи школы. В этой связи на сегодняшний день основной актуальной проблемой является охрана окружающей среды. В этой связи большое значение имеет посадка деревьев, выращивание различных цветочно-декоративных растений, общее озеленение. Теоретические знания, передаваемые в школе, сочетаются с практическими навыками. Практические навыки реализуются на основе работы в общешкольной доле. Основная цель



работ в пришкольном долевом хозяйстве-активизация работы по озеленению на пути очистки окружающей среды. Основные задачи-воспитание граждан, которые сажают разные деревья и различные цветущие растения, любят Родину, бережно относятся к природе, неустанно трудятся на пути к чистоте окружающей среды. В результате проведения работ по уходу за растениями учащиеся учатся ценить и понимать красоту. Кроме того, в будущем будут сформированы практические представления о некоторых профессиях. С этого времени и по сегодняшний день работа на пришкольном участке является одной из основных внеурочных работ педагогов школы. Планирование мероприятий на пришкольных участках и организация работы в них, уход за растениями, подведение итогов по проделанной работе являются основой дополнительной работы учителей. Для цветников и газонов, адаптированных к почвенным и климатическим условиям, выращиваются виды растений, основные селекционные овощных культур, древесные и кустарниковые виды.

Ключевые слова: учебно-практический опыт; садоводство; школа; ландшафтный дизайн; клумба; планирование; эскиз; ландшафтный дизайн; цветочные композиции; живой уголок.

Kaisagalieva Gulzhakhan, Bekbolatova Aliya
TECHNOLOGY OF LANDSCAPE WORKS IN SOCIETY WITH MIDDLE SCHOOL STUDENTS

Annotation. Gardening work carried out near the school is of great importance in the education of students on the basis of high-quality education and health promotion. In this regard, the main urgent issue today is environmental protection. In this regard, it is important to plant trees, grow various flower and ornamental plants, and carry out general landscaping. The theoretical knowledge provided at school is combined with practical skills. Practical skills are carried out on the basis of work in the general school neighborhood. The main purpose of the work in the area of the school is to intensify the work on landscaping in order to clean up the environment. The main tasks are to educate citizens who love their homeland, take care of nature, and work hard for the purity of the environment, planting various trees and various flowering plants. As a result of Plant Maintenance, students learn to appreciate and understand beauty. In addition, in the future, practical ideas about some professions will be formed. From this time to the present day, working in a suburban area is one of the main extracurricular activities of school teachers. The basis of additional work of teachers is the planning and organization of activities in the school premises, plant maintenance, and summing up the results of the work done. Plant species for flower beds and lawns adapted to soil and climate conditions, the main selection of vegetable crops, tree and shrub species are grown.

Keywords: educational and practical contribution; gardening; school; landscape design; flower bed; planning; sketch; landscaping; flower arrangement; living corner.